

2005 жылғы 25-27 мамырда Астана қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азияның экономикаларына арналған арнайы бағдарламасы бойынша халықаралық конференцияны дайындаудың және өткізудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 мамырдағы N 502 Қаулысы

2005 жылғы 25-27 мамырда Астана қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азияның экономикаларына арналған арнайы бағдарламасы бойынша халықаралық конференцияны (бұдан әрі - Халықаралық конференция) дайындауды және өткізуді тиімді ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасына жіберілетін шетелдік азаматтарға - Халықаралық конференцияға қатысушыларға визалық қолдау көрсетсін және консулдық алым төлемей виза беруді жүргізсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі